

"Ғимараттардың, үйлердің, инженерлік коммуникациялардың және тағы басқа объектілердің қирау (құлау) және апат болу себептерін тексеру тәртіптері туралы Уақытша Ережені" бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Құрылыс тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі 1995 жылғы 26 қаңтардағы N 1-2

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігінің алқасы қаулы етеді:

1. Ғимараттардың, үйлердің, инженерлік коммуникациялардың және тағы басқа объектілердің қирау (құлау) және апат болу себептерін тексеру тәртіптері туралы У а қ ы т ш а Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Көрсетілген "Уақытша Ереженің" Қазақстан Республикасының барлық жерінде күші бар және барлық мемлекеттік басқару органдарына, шаруашылық субъектілеріне, олардың ведомстволық бағыныштылығына, меншіктік түріне қарамастан пәрменділігі сақталады.

Министрдің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй және құрылыс
салу министрлігі алқасының
қаулысымен бекітілген

Ғимараттардың, үйлердің, инженерлік
коммуникациялардың және тағы басқа объектілердің
қирау (құлау) және апат болу себептерін тексеру
тәртіптері туралы Уақытша Ереже

I . Ж а л п ы б ө л і м

1.1. "Уақытша Ереже" ғимараттардың, үйлердің, инженерлік коммуникациялардың және тағы басқа объектілердің (келешекте - объектілердің) қирау, құлау және апат болу себептерін тексеруді жүргізу және ұйымдастыру талаптарын, әрі сол апат тексеруді жүргізу және ұйымдастыру талаптарын, әрі сол апат пен қирауды тексеру нәтижелерін ресімдеу мен хабарлауды, берудің тәртіптерін белгілейді.

Көрсетілген талаптарды Қазақстан Республикасының барлық министрліктері мен ведомстволары, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктер, сонымен қатар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және де басқа шаруашылық субъектілері, соның

ішінде шетелдік және біріккен кәсіпорындар, олардың ведомстволық бағыныштылығына, меншіктік түріне және қаржыландыру көздеріне қарамастан орындауы тиіс. Егерде апат болған жағдайда бақытсыз оқиғалар болса, онда оларды тексеру жұмыстары өндірісте болатын бақытсыз оқиғаларды тексеру және оларды есепке алу туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

1.2. Объектілердің қирауына (құлауына), олардың бөлшектерінің және жеке тұрған конструктивтік элементтерінің бұзылуына, деформациялануына (көлемін өзгертуіне) байланысты өндірістік процесстердің бұзылуына (тоқтауына) әкеліп соғатын немесе қауіпсіз жұмыс істеуге қатер төндіретін барлық апаттар тексерілуі тиіс.

1.3. Келтірілген зияндарының дәрежесіне байланысты апаттар екі топқа бөлінеді.

Бірінші топқа - жеке конструктивтік бөлшектердің апат болуына байланысты өндірістік процесстің немесе құрылыс жұмыстарының 8-сағаттан артық тоқтап қалуына себепкер болған жағдайлар, сонымен қатар, құрылыстың, күрделі жөндеу, өндірісті техника жағынан қайта жарақтандыру, қайта жаңарту, объектілердің эксплуатациялық (пайдалану) жұмыстарының мүлдем тоқтап қалуына әкеліп соққан апаттар жатады.

Бірінші топтағы апаттарды техникалық комиссиялар тексереді.

Екінші топқа - жеке құрылымдық (конструктивтік) бөлшектерінің (мысалы арқалықтар - регильдер) апаттарының салдарынан құрылыс жұмыстарының немесе өндірістік технологиялық процесстердің 8-сағаттан аз уақытқа тұрып қалуына әкеліп соғатын апаттар жатады.

Екінші топқа жататын апаттарды жергілікті комиссиялар тексереді.

1.4. Тапсырыс беруші-құрылыс салушылар, ұйымдар, мекемелер, кәсіпорын басшылары, жеке құрылыс жүргізушілер мен басқа да шаруашылық субъектілері және қозғалмайтын мүлік иелері немесе олардың сенімді өкілдері құрылыс салу, оны техникалық жағынан қайта жарақтандыру, қайта жаңарту, күрделі жөндеу немесе пайдалану кезінде, егер онда апат бола қалған жағдайда ең бірінші кезекте - Зардап шеккендерді құтқару, оларға көмек көрсету, және қираудың қайталанбауы мен одан әрі тарамауының алдын алу, қауіпті аймақтың шекарасын анықтап, оған адамдардың келуін сирету сияқты ең қажетті шараларды орындауға міндетті.

Зардап шеккендерді құтқару үшін құлаған конструкцияларды жедел бөлшектеген жағдайда немесе объектілерде шұғыл түрде қауіпсіз жұмысты ұйымдастыру кезінде конструкциялар мен олардың элементтері сақталынуы тиіс, ал олардың бөлшектенуге дейінгі жағдайлары анықталып, белгіленуі қажет, (фотосуреті, сызбалары, схемасы, н о б а й ы) .

2. А п а т т у р а л ы х а б а р л а м а

2.1. Бірінші топқа жататын бүкіл апаттар жөнінде тапсырыс беруші - құрылыс салушылар, құрылыс ұйымдарының (құрылыс-монтаждау, құрылыс-жөндеу,

жекеменшік және акционерлік құрылыс бірлестіктері мен фирмалары) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен шаруашылық әдіспен соғылып жатқан ғимараттар басшылары жергілікті әкімшілікке шұғыл түрде, ал мемлекеттік меншіктегі немесе солардың қатысуымен құрылысы жүрген тұлғаларға-тікелей жоғарғы тұрған өз мекемелеріне хабар берулері керек (министрлікке, ведомствоға).

Әкімшіліктер өз кезегінен бұл апаттар жөнінде облыстық құрылыс комитеттері арқылы Қазақстан Республикасының Құрылыс Министрлігіне хабарлайды. Құрылысты мердігерлік әдіспен немесе өз күштерімен соғатын жеке құрылыс салушылар да апат жөнінде жергілікті әкімшілікті хабардар етеді. 2.2. Болған апаттар жөніндегі хабарламада мынандай мәліметтер болуы керек: - тұлғаның (объектінің) толық аты-жөні; - оның қуаттылығы мен орналасқан мекен-жайы; - салалық бағыныштылығы мен меншік түрі; - жоба сметалық құжаттарды әзірлеген жобалау ұйымы туралы мәліметтер; - мердігерлік құрылыс-монтаждау (құрастыру) ұйымы туралы мәліметтер; - болған апаттың жылы, айы, күні, сағаты, туралы мәліметтер; - жарақаттың түрлері туралы; - апат болған кездегі жағдайлар туралы қысқаша мәліметтер. 3. Апаттың с е б е п т е р і н т е к с е р у

3.1. Объектілерде болған барлық апаттар, оның конструктивтік элементтері мен бөлшектеріне дейін жергілікті немесе техникалық комиссиялардың тексеруіне жатады.

3.2. Апаттың себептерін тексеру жергілікті әкімшіліктің, облыстық (қалалық) құрылыс комитеттерінің немесе басқа да бақылаушы орындардың ұйымдастыруымен б о л у ы м ү м к і н .

3.3. Апаттың себеп-салдарын тексеру, қажет жағдайда қазіргі техникалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып білікті мамандардың қатысуымен өтуі керек.

3.4. Апаттың себептерін тексерудің негізгі мақсаты - оның шығуының (болуының) себеп-салдарын анықтау, болған зиянның материалдық көлемін білу және сол апаттың шығуына себепкер болған лауазымды қызметкерлерді немесе жеке қызметкерлерді а н ы қ т а у .

Қажет болған жағдайда апаттан келген залалдың зияндарын жоюды және оның қайталанбауы үшін алдын-ала шараларды әзірлеп дайындайды.

Тексеру кезінде мейлінше дәлдікпен анықталатын нәрселер:

- апат кезінде конструкцияға түскен күштер (салмақтар) мен сыртқы әсерлері;
- конструктивтік элементтердің апат алдындағы күй-жағдайы;
- жобалаудың нормалары (қалыптары) мен ережелерінің сақталмауы;
- құрылыс-монтаж (құрастыру) жұмыстарының жүргізілу жағдайлары немесе объектілерді қ а л а й п а й д а л а н д ы ;

- апаттың болуына бірден-бір себепкер, әрі оның тууына және әрі қарай өріс алуына елеулі әсер еткен жағдайлар, соның ішінде жобадан ауытқушылық және басқа себептер а н ы қ к ө р с е т і л у і т и і с .

4. Апаттың себептерін тексеретін жергілікті комиссиялар

4.1. Құрылысы жүріп жатқан немесе пайдаланудағы объектілерде болған апаттың себептерін тексеретін жергілікті комиссиялар өте шұғыл түрде тез арада тағайындалады.

Мемлекеттік меншіктегі немесе солардың қатысуымен құрылысы жүрген объектілерде комиссия тапсырыс берушінің (құрылыс салушылардың) бұйрығымен тағайындалады.

Жергілікті комиссия құрамына құрылыс-монтаж ұйымының, жоба-сметалық құжаттарды әзірлеген жобалау ұйымының тапсырыс беруші немесе істеп тұрған кәсіпорын басшылары, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мекемесінің, жеке құрылыс салушылардың, ал қажет болған жағдайларда құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындардың өкілдері кіреді.

Апаттың себептерін тексеретін жергілікті комиссияның төрағасын сол комиссияны құрған мекеме тағайындайды. Осы мекеме көрсетілген тексерістің мезгіл уақытын белгілеп, әрі комиссия жұмысына жарататын қаржы көздерін белгілейді.

4.2. Жергілікті комиссия толық құрамымен жұмыс бастағанша:

- объектілер мен конструкцияларды тегіс қарап шығады;
- қираудың одан әрі таралмауына, бірінші кезекте істелетін жұмыстардың қауіпсіздігін немесе конструкцияларды уақытша күшейтуді, апат аймағына адамдардың болуын шектеу сияқты шараларды жүзеге асырады;
- жарақаттанғандарды көшіруді ұйымдастыру, апатты көзімен көргендерді сұрау және оның мүмкін-ау деген себептерін анықтау;
- технологиялық жабдықтарды және оларға баратын жолдарды босатып, қираған конструкциялардан тазарту жұмыстарын ұйымдастыру.

4.3. Апатты тексеру кезінде жергілікті комиссияның атқаратын жұмыстары:

- құрылыс-монтаж жұмысын істеген кездегі жұмыс сапасын, жекелеген конструкциялардың түйіндесуіндегі жымдасулар, қолданылған материалдардың, конструкциялардың және бұйымдардың сапалары мен олардың жоба-құжаттарына мемлекеттік үлгі-қалыптың (стандарттың) талаптарына сәйкестігін анықтау;
- объектілерді пайдалану кезінде негізгі конструкциялық элементтерге әсері бар, пайдаланудың техникалық талаптарынан жіберілген ауытқушылықты анықтау;
- толтырылған техникалық құжаттарға сүйене отырып, апат болған сәттегі атқарылған құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері мен көлемін анықтау;
- жобалауға, құрылысқа, құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын дайындаушылар мен объектілерді пайдаланушы тікелей жауапты лауазымды қызметкерлерді анықтау.

4.4. Апаттың себептерін тексеретін жергілікті комиссия N 1 қосымшада көрсетілген

үлгі бойынша АКТ жасап, оны осы комиссияның тағайындаған тапсырыс беруші - құрылыс салушы ұйымға, кәсіпорынға және апатқа қатысы бар мекемелерге беріледі.

4.5. Меншіктігі мемлекеттік емес объектілерде апаттың себептерін тексеру туралы шешімді жергілікті әкімшілік қабылдайды.

5. Апаттың себептерін тексеретін техникалық комиссиялар

5.1. Апаттың себептерін тексеретін техникалық комиссия апат бола салысымен шұғыл түрде тағайындалады.

5.2. Мемлекеттік меншік түріндегі немесе мемлекеттің қатысуымен соғылып немесе пайдаланылып жатқан объектілерді апаттың себептерін тексеретін комиссияны бағыныштылығына қарай министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып облыс, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктер тағайындайды.

5.3. Меншіктігі мемлекеттік емес соғылып немесе пайдаланылып жатқан объектілерде техникалық комиссия және апаттың себептерін тексеру жөніндегі шешімдерді облыс, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктер тағайындайды.

5.4. Апаттың себептерін тексеретін техникалық комиссияға қатысуы міндетті өкілдер: техникалық комиссияны тағайындаған ұйымнан, әкімшіліктер, тапсырыс беруші немесе істеп тұрған кәсіпорын басшылығынан, мердігерлік құрылыс, жобалау ұйымдарынан, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мекемесінен, құрылыс бұйымдарын, конструкцияларын және жабдықтарын қоюшы кәсіпорындардан, ал қажет болған жағдайда келісім бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс Министрлігінің өкілдері қатысады.

5.5. Апаттың себептерін тексеретін техникалық комиссияның төрағасын сол комиссияны құрған мекеме тағайындайды.

Осы мекеме көрсетілген тексеріске мезгіл-уақытын белгілеп, әрі комиссия жұмысына кететін қаржы көздерін белгілейді.

5.6. Техникалық комиссия апаттың себептерін тексеру барысында атап болған объектіні толығынан көріп, қираған үйдің, ғимараттың, кейбір жеке конструкциялық элементтерінің және ірге тасының бүлінген, түйіскен, біріккен жерлерінің қажет болады-ау деген жерлерінің жалпы жобасын сыздырып, керек фото суреттер түсіреді.

5.7. Құрылыс ұйымдарының, тапсырыс берушілердің немесе істеп тұрған кәсіпорынның лауазымды қызметкерлерінің берген мәліметтеріне орай, сол апатты өз көзімен көрген айтушылардың жауаптарына сай және қолдағы бар құжаттарға сүйене отырып нақтылайды:

- объектілердің апат алдындағы жәй күйінің белгілері мен апатты болдырмаудың қабылданған шаралары;

- құрылыстың жәй-күйі немесе объектіні пайдалануының жағдаяттары, әрі апат

алдындағы атмосфералық құбылыстың күйлері;
- тікелей апат алдында объектілер басында немесе оның қасында жүргізілген жұмыстардың түрлері мен өзгешеліктері;
- апаттың себептерін айқындауға қажетті басқа да жағдайлар.

Апатты өз көзімен көрген кісілер мен лауазымды қызметкерлердің берген мәліметтері ресми түсініктеме немесе жазбаша баяндаулар ретінде толтырылады.

5.8. Жобалау құжаттарындағы қабылданған техникалық шешімдердің сапалылығын, нормативтік құжаттар мен мемлекеттік қалып талаптарының орындалуын тексереді...

А н ы қ т а й д ы :

Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуының немесе конструкцияларының жеке түйіндерінің жымдасу сапалығын, олардың жобаға және нормативтік құжат талаптарына сәйкестілігін ол үшін қираған конструкцияларды егжей-тегжейлі тексеруден өткізеді.

Қолданылған шикізаттардың, бұйымдардың және конструкциялардың сапасын, олардың жобаға және мемлекеттік қалыптың талаптарына немесе техникалық шарттарға сәйкес келуін (беріктілігін, мөлшерін, көлемдік салмағын, таңбалануын т.б.)

Сынауға қажетті шикізаттардың үлгілерінің мөлшерін немесе конструкциялық элементтердің, санын, сұрыптаудың орнын таңдау мен тәртібін және олардың көлемі мен түрлерін.

Апаттың себептерін және онымен байланысты жағдайларды анықтау үшін-қосымша зерттеу жұмыстарының көлемі мен сараптама өткізу қажеттілігін.

Апат кезінде құрылыс конструкцияларына түскен күштердің нақты ауқымы, ауа қызуы және сыртқы әсерлерінің, әрі ірге табандары мен конструкциялардың апат болған сәттегі күйі.

Объект конструкцияларының қажетті тексеру есептеулерінің көлемі (нақтылы әсер етуші күштер мен жоба жөнінде қабылданған шешімдер; қима-тіліктер, жобадан жіберілген ауытқушылықты есепте ала отырып материалдарға жасалған сипаттамалар; дәнекерленіп жалғасқан түйісу өлшемінің кішіреюі т.б.) мен сол есептеулердің тапсырысын орындайтын ұйымдардың немесе жеке адамдардың көрсетілуін.

Объектінің, технологиялық жабдықтарды пайдалану жөніндегі журналды жүргізу және олардың техникалық төлқұжаттарының барлығын, ал көрсетілген құжаттардың жоқ кезінде-объектілерді пайдалану кезінде жіберілген қателіктерді анықтайды, егер олар объектінің немесе негізгі конструктивтік элементтерінің, оған қоса объектіні пайдалану барысында байқалған ақаулықтары жұмыс күйіне әсер етсе.

Объектінің, оның бөлшектері мен конструктивтік элементтерінің нақты қираған көлемін, ал осыларға қарап - апаттың әкелген материалдық залалдарының мөлшерін, бүлінген жерлерін бөлшектеу мен оны қайта тұрғызудың көлемінің шығындарын, оған

қоса істеп тұрған кәсіпорынның өндірісті тоқтатудан келетін зияндарын анықтайды.

Апаттың себептерін анықтауға қажетті мәліметтерді алу үшін, бүлінген жерлерді бөлшектеу кезінде туындайтын құбылыстар мен өлшеу жұмыстарын жүргізу, үйінділерді тазартып-тастаудың уақыттары мен тәртіптерін.

Жұмыс шарттары мен нақтылы түскен күштерді есептеуді тексеру және жүргізілетін зерттеулерге сүйене отырып, құрылыс конструкциялары немесе ғимараттар, үй табандарының тұрғызылу не пайдалану барысында берілген талаптарды қамтамасыз ету жағынан қанағаттандыра алмауын анықтайды...

Б е л г і л е й д і :

Жалпы және арнаулы журналдарда келтірілген деректерге, көзден таса жұмыстарды куәландыру, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау және басқа да өндірістік құжаттарға сүйене отырып, ал пайдаланудағы ғимараттар мен үйлер бойынша мемлекеттік қабылдау комиссияларының немесе жұмысшы комиссияларының Актыларына қарап дәл апат болар сәтке дейінгі орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері мен көлемдерін белгілейді.

Апатты жағдайда алып келген конструкциялар немесе ғимараттар мен үй ірге табандарының жайын (жұмыс жобалары) мен жобадан ауытқушылықтың, нормативтік құжаттар мен мемлекеттік қалыптардың талаптарын бұзушылықтың, әрі апатты болдырған себептердің бірі оны пайдалану шарттарының орындалмауынан болғанын б е л г і л е й д і .

Апат болған объектілердегі жобалауды, құрылысты жүргізген, конструкциялар, бұйымдар мен шикізатты дайындаған немесе объектіні пайдалану кезіндегі тікелей жауапты лауазымды қызметкерлерді белгілейді...

Д а й ы н д а й д ы :

Апаттың зардаптарын жоюдың шаралары мен ұсыныстары.

Ғимараттар мен үйлерді толық қайта тұрғызудың шарттары және мүмкіндіктерін анықтау мақсатында, әрі құрылысты одан әрі жалғастыру немесе олардың сақталынған бөлігін пайдалану-ғимараттар мен үйлерді қосымша жете тексерудің қажеттілігі туралы п а й ы м д а у л а р ы н .

Техникалық комиссия апатты тексеру үстінде қажеттілігі туындаған бұдан басқа да ж ұ м ы с т а р д ы д а й ы н д а й д ы .

5.9. Кейбір жекелеген мәселелерді егжей-тегжейлі зерделеу үшін техникалық комиссияның шағын жұмысшы комиссиясын құруға хұқы бар және комиссия жұмысына жобалау, ғылыми-зерттеу, жоғарғы оқу орындарынан және т.б. ұйымдардан өкілдер мен сарапшылар шақыра алады.

5.10. Апаттың себептерін тексеруге қатысты сараптама, лабораториялық сынақтар мен зерттеулер, қосымша инженерлік-геологиялық іздестірулерді және тағы басқа

жұмыстарды өткізуді ұйымдастыруды, әрі тексерудің материалдарын техникалық рәсімдеулерін - сол апаттың себептерін тексеретін комиссияны тағайындаған мекеме қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5.11. Тексерудің қорытындысы бойынша техникалық комиссия апаттың себептерін тексеру жөнінде N 2 қосымшада келтірілген үлгіде АКТ жасайды.

5.12. Жергілікті және техникалық комиссияның төрағалары мен мүшелері апаттың себептерін тексерудің толықтығына, ұқыпты толтырылуына және әділ қаралуына Қазақстан Республикасының іс жүзінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап б е р е д і .

6. Апаттың себептерін тексеруді қарау

6.1. Апаттың себептерін тексерудің Актысын-комиссия жұмысын бітірген соң 3 күн мерзімнің ішінде сол комиссияны тағайындаған мекемеге тапсырады.

6.2. Комиссияны тағайындаған мекеме апаттың себептерін қарап болған соң, істеп тұрған мекемеге, не қатысы бар құрылыс ұйымына осыған ұқсас себептер қайта пайда болмақшы апаттары болдырмаудың шараларын жүзеге асырауды міндеттейді, апаттың себептерін тексеру Актысында баяндалған ұсыныстардың жүзеге асуын бақылайды, әрі апатқа қатысы бар адамдардың жауапкершілігі жөнінде шешімдер қабылдайды.

6.3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеттері жарты жылда 1 рет Қазақстан Республикасының Құрылыс Министрлігіне N 3 қосымшада келтірілген үлгіде 1-ші дәрежедегі апаттар ж ө н і н д е а қ п а р а т б е р е д і .

6.4. Қазақстан Республикасының Құрылыс Мині ақпаратты негізге ала отырып соғылып жатқан ғимараттар мен үйлерде болған қираулар және апаттардың себептерін жинақтап, N 3 қосымша бойынша қорытындылайды. 6.5. Апаттың себептерін тексеру Актысы-кінәлі заңды тұлғалар мен қоғамның хұқықты мүшелеріне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңдарында белгіленген тәртіпке сай материалдар толтырылып, жауапқа тартуға хұқықтық құжат болып табылады. 1-қосымша Жергілікті комиссияның апаттың себептерін тексерудің Актісі " "

_____ 199 ж. _____ актының жасалған жері _____
_____ (комиссия тағайындаған құжаттың нөмірі, аты уақыты) _____
_____ (және кім тағайындады) Жергілікті комиссияның құрамы: Төрағасы _____
_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты) _____
_____ (жұмыс орны, қызмет лауазымы) Комиссия мүшелері: 1. _____
_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, лауазымы) 2 _____
_____ 3. _____

4.

5.

6.

7.

(ғимараттардың, үйдің аттары, тұрған жері)

қай мекемеге (ұйымға) бағыныштылығы)

болған апаттың себептері тексеріп осы Актыны жасады: 1. Апаттың қысқаша сипаттамасы, болған жылы, тәулік мезгілі, уақыты. Қираған конструкциялардың көлемі, жарақаттанғандардың саны мен түрлері:

2. Жобалау, құрылыс және пайдалану тұлғаларына жауапты лауазымды қызметкерлердің қысқаша түсіндірмелерінің мазмұны:

3. Объектінің апат алдындағы жай-күйі; құрылыс сатылары, жекеленген конструкциялардың салыну кезектері мен құрылыс монтаж жұмыстарының аяқталуы, пайдаланудың уақыты және тұлғаның жай-күйін анықтайтын басқа да мәліметтер:

4. Апаттың шыққан кезіндегі жағдайдың қысқаша мағлұматы: объектіні тұрғызу немесе пайдалану кезінде (не оның қасында) жүргізілген жұмыстар мен ауа райының жай-күйі; ғимараттардың, үйлердің конструкциялары мен табан астына түскен нақтылы күштер мен әсерлердің, немесе оларды соғып, не пайдаланып жатқан кезде тікелей апат алдында туған жағдайлар:

5. Объектіні қираған конструкцияларының бөліктерін амалсыздан бөлшектеу, олардың бөлшектеуге дейінгі тұрған жерлері мен сақталуы туралы мәліметтер:

_____ 6. Апаттың одан әрі таралмауының алдын-алу туралы шараларды жүзеге асыру: _____

_____ 7. Апатты көзімен көргендердің берген деректері мен айғақты заттарға сүйене отырып-апат туралы болжамдар жасау: _____

_____ 8. Қай мезгілде, кім және қандай мекемелерден апаттың болғаны туралы алғашқы деректер келіп түсті: _____

_____ 9. Апатты тудырған себептер жайлы жергілікті комиссияның қорытындылары: _____

_____ 10. Апаттың болуына тікелей қатысы бар лауазымды қызметкерлер: _____

_____ 11. Апаттың зардаптарын жою жөніндегі шаралар мен ұсыныстар: _____

_____ 12. Актыға қосымша: _____ Актыға қоса тіркелетін: жарақат алғандарды құтқару мақсатында ғимараттар мен үй конструкцияларының шұғыл бөлшектеуге дейінгі тұрғын орындары туралы фотосуреттер немесе сипаттамалар, апатты көрген куәлардың ақпарлары, ауа райы туралы анықтамалар,

және жергілікті комиссияның шешуімен жинақталған басқа да мәліметтер: Жергілікті комиссия төрағасы _____ (қолы) фамилиясы телефоны N _____ " _____ " _____ 199 _____ Жергілікті комиссия мүшелері: _____

_____ қолдары, фамилиясы _____

_____ 2-ші қосымша

Министрлік, мекеме Республика _____

_____ Өндірістік бірлестік, бірлестік, трест, құрылыс, басқармасы: _____

_____ Кәсіпорын _____

_____ Ғимарат, үй, цех _____

_____ Техникалық комиссияның апат болу себептерін тексеру Актісі " _____ " _____

_____ 199 _____ ж. _____ акт жасалған орын _____

_____ (кім

тағайындаған-белгілеген, мекеме аты, уақыты) құжаттың _____

_____ нөмірі тағайындаған, (белгілеген),

техникалық комиссия, құрамында төраға бар _____

_____ (

аты-жөні, әкесінің аты, істейтін қызметі, жұмыс орны) және комиссия мүшелері _____

_____ (аты-жөні, әкесінің аты, қызметі, жұмыс орны) Шақырылған мамандардың

қатысуымен _____

_____ негізгі ұйымдардың, мекемелердің аттары) Оқиға

болған _____ үйдің, ғимараттың

аты, оның тұрған орны, кімге _____

_____ қарайды бағынышты, уақыты, және күннің қай бөлігі уақыты, _____

_____ апат қашан болды,

апат болған жердің толық мәлімет-анықтамасы) жерде болып осы апат болу себептерін

т е к с е р у а к т і с і н ж а с а д ы .

Апат болған жердегі қирау көлемі мен конструкция бөлшектеріне келген зияндарды толық көрсетіп жазу керек, сонымен қатар қираудың дәйектілігін (жүйелігін, бір

ізділігін), зардап салдарын (шығындардың шамасы, жапа шеккендердің саны, құрылыстың немесе өндіріс орнының іске асыру пайдалану жұмыстарының толық немесе жарым жартылай тұрып қалуы және т.б.) және апаттың толық көлемділігін сипаттайтын басқа да анықтамалар _____

_____ Ғимараттың, үйдің негізгі техникалық сипаттамасы, оның мөлшері, қолданылған қорғаушы және көтеруші конструкциялар _____ үйдің негізгі мөлшері, аралықтың саны, бағаны тіреуіштерінің _____ адымы, қолданылған конструкциялардың тәпшіштеп жазу керек _____

_____ Атауы: а) қайта қолданылған жеке немесе типтік жобаны жергілікті жерге бейәмдеп жүзеге асырған жобалау ұйымының _____

_____ б) Жоба бойынша қорытынды тұжырым жасаған сарапшы органдардың _____

_____ в) ғимараттардың, үйдің, бұзылған бөлшектерінде қолданылған материалдар мен бұйымдарды, құрылыс конструкцияларын берген кәсіпорындардың _____

_____ г) құрылысты жүргізген, құрылыс ұйымының _____

_____ д) конструкцияларды монтаж жасаған, монтаж ұйымының _____

_____ е) объектіні пайдаланған (эксплуатация жасаған) мекемелердің ұйымдардың, кәсіпорындардың _____

_____ Құрылыстың басталған күні және ғимараттың, үйдің құрамдас бөліктерінің тұрғызылған негізгі кезеңдері, құрылыстың жай-күйі; объектіні пайдалануға берілген күн және оны пайдалану жағдай-шарттары, объектіні пайдалану процестерінде (құбылыстарында) анықталған оның негізгі ақау-кемістіктері _____

_____ Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауды немесе апат болған объектіні

пайдалануды тікелей басқарған лауазымды қызмет адамдарының толық аты-жөні; оларда арнаулы техникалық білім немесе жұмыс жасауға арнаулы хұқығы бар болу керек (азаматтық-тұрғын үй құрылыстарында болған апаттарда) _____

_____ Апат болған кездегі конструкцияның жұмыс істеген жағдай-шарттары және апат болған кездегі жағдайлар: Атмосфералық жағдайлар (ауаның температурасы, желдің күші мен жылдамдығы, қардың қалыңдығы және сол сияқты басқа көрсеткіштер) _____

_____ Жүктелім мен әсер (ықпал) ету, соның ішінде жобада көрсетілмеген _____

_____ Объектінің салынған немесе оны пайдалануға берген кездері немесе апат болудың алдында соның жанында жүргізілген жұмыстар (соның ішінде жарылыс-қопарылыс, қала-дінгек қағу, топырақты қопсыту, бұрынғы тұрған конструкцияларға жүк ілу жұмыстары және т.б.) _____

_____ Объектіні соғып жатқан немесе оны пайдаланып отырған ұйымдардың апаттан сақтандыру ниетінде алдын-ала жүргізілген шаралары мен оның апат алдындағы айқындалған нышандары (белгілері) _____

_____ Апаттың дамуына немесе оның басталуына мүмкіндік туғызған басқа да жағдайлар _____

_____ Апатты көзімен көрген адамдардың қысқаша түсініктемелері _____

_____ Қолданылған материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың, істелген құрылыс-монтаж жұмыстарының, жобалық шешімдерінің сапасына баға беру _____

_____ Атқарушы техникалық құжаттардың жүргізу талаптарын сақтау жобадан ауытқу және СНиП, ГОСТ талаптарын бұзбай, объектіні техникалық

пайдалану қағидаларын, көтеруші-транспорт құралдарының сапасын бағалау т.с.с. _____

_____ Комиссия
тағайындаған материалдар мен конструкцияларды сынау туралы қосымша
зерттеулердің нәтижелерін бағалау _____

Құрылыс-монтаж жұмыстары мен қолданылған материалдар мен бұйымдардың, конструкциялардың сапасына бақылау жүргізген ұйымдардың (апаттың болу себептерін тексеру нәтижелері бойынша,) техникалық және авторлық қадағалау жасаған қызметкерлердің (олардың аты-жөні мен қызметі толық көрсетілуі керек) іс-әрекеттеріне баға беру _____

_____ Қираған бүлінген объектіні, оның бөлшектерін немесе жекелеген конструкцияларын жобалағаны, салғаны және пайдаланғаны үшін жауапты лауазымды қызметкерлердің қысқаша түсініктемелері: _____

_____ Мына төменгі себептер көрсетілген, техникалық комиссияның тұжырымдамасы:

Объектіні апатқа әкеп соқтырған (конструкцияның жеткіліксіз беріктігі, қаттылығы немесе тұрақтылығы, конструкциялардың немесе негіздіктің белгілі бір күй-жағдайларына жетуіне байланысты болған себептер; қазіргі жүктемді дұрыс есепке алмаудың себептерінен болған шамадан артық жүктеу, конструкцияны монтаждау кезінде оның есептеу схемасын өзгерту; балқытып біріктірген жапсар жіктерінің, тораптардың, әртүрлі конструкция элементтерінің қималарының әлсіреуі себептерінен; конструкцияға әртүрлі қосымша жабдықтардың ілінуіне байланысты; жері (агрессия) ортада жұмыс істейтін конструкцияларды қорғау шараларының жоқтығы; іргетастың бірқалыпты шөкпеу нәтижелерінен; топырақтың көтерілу және сулану себептерінен және т.с.с.).

Жоба мен жұмыс құжаттарының немесе жұмысшы жобаның, нормативті құжаттардың және мемлекеттік стандарттың бұзылуына байланысты апатқа әкеліп соқтырған себептер көрсетіледі (жұмыс жасайтын жобадан немесе жұмыс сызбаларынан ауытқу, жұмыс жасау ережелері мен құрылыс нормаларын сақтамау, құрылыста қолданылған конструкцияларды дайындаған кезде мемлекеттік стандарттар мен техникалық жағдай-шарттарды бұзу, объектілерді және технологиялық

көтеруші-транспорт жабдықтарын пайдаланған кезде техникалық ережелерді сақтамау, жобада жіберілген қателер және т.с.с.). Апатқа тікелей қатысы бар лауазымды қызметкерлер көрсетіледі _____

_____ Апаттан кейінгі зардап салдарын жою туралы шаралар мен ұсыныстар (объектінің қираған бөлшектерін қайта тұрғызу, сақталып қалған конструкциялардың бөліктерін нығайту туралы керекті шаралар, объектілердің сақталып қалған бөліктерін қайтадан толық орнына келтіріп оны пайдалану, құрылысты қайта жандандыру үшін қабылдаған шаралар мен жағдай-шарттары және т.с.с. _____

_____ Пайдаланып тұрған объектілерде болған апаттарда оның апат алдындағы жағдайы және техникалық пайдалану ережелерін орындалуы туралы қорытынды тұжырымдама беріледі, жоспарлы алдын-ала ескерту, жөндеу жұмыстарының ақырғы болған күні көрсетіледі (жоспар бойынша және шындығы) _____

_____ Актіге қосымшалар: а) фотосуреттер, нұскасызбалар, суреттемелер, схемалар; б) материалдар мен конструкция элементтерінің лабораториялық сынаудан өткен нәтижелері; в) конструкциялардың тексеру е с е п т е м е л е р і ;

г) Апат болу салдарынан тұрып қалған объектінің ұзақтығы (күндері). Материалдық зияндар туралы анықтама, бұның ішінде апатты жоюдың бағасы (шамамен) өндірістің табиғи өлшемдегі (кәсіпорындары пайдаланушылар үшін) және ақшалай өлшеммен ж о ғ а л т қ а н д а р ы б а р ;

д) сарапшылардың қорытынды тұжырымдамасы;

е) қосымша инженерлік - геологиялық зерттеулер және басқа да материалдар; ж) Лауазымды қызметкерлердің түсініктемелері және оқиғаны көзімен көргендердің суреттеулері, (баяндаулары). з) техникалық комиссияның құрамына кірмеген, бірақ апаттың болу себептерін тексеру жұмыстарына қатысқан адамдардың тізімі (істейтін қызметтері мен жұмыс істейтін ұйымдардың аттары толық көрсетілуі тиіс); к) техникалық комиссияның нұсқаумен берілген басқа да материалдар. Техникалық комиссияның төрағасы: _____

_____ (қолы және қызмет телефоны) " ____ " _____ 199__ ж.

ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МҮШЕЛЕРІ: _____

_____ (қолдары) _____

Осы жұмысқа
тартылған ұйымдардың (негізгі) өкілдері: _____

_____ (істейтін қызметтері,
ұйымдардың аттары, қолдары) 3-қосымша Объектілерде, олардың бөліктерінде және
конструктивтік элементтерінде болған апат оқиғаларын Есепке алу _____

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 _____

Объектінің|Апаттың |
Жобалау |Тапсырыс|Құрылыс|Құрылысты жүргі. аты және |болған |ұйымы |жасаушы |
ұйымы |зіп жатқан жекемен. оның тұрған күні | | |шік кәсіпорындар, жері | | | |біріккен
және шетел | | | |фирмалары, министр. | | | |ліктер, ведомство. | | | |лар _____

7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 _____

Объектінің |Қираған |
Қираған |Апатқа |Апаттың |Травма. Апаттан атқаратын |ғимарат. |конструк.әкеліп |әрі
қарай|тизм |келген қызметі(өн. |тың,үйдің|циялар, |соқтыр.|дамуына |оқиға.|зиянның
дірістік,тұр.типі(бір |олардың |ған не.әсерін |лары |мөлшері |ғын үй, аза.|қабатты |
материал. гізгі |тигізген | |маттық,ауыл.|көп |дары және себеп.|себептер | |шаруашылық,
|қабатты) |көлемі |тер | | |мелиоратив. | | | |тік, тран. | | | | |спорттық) | | | | | _____

Төрағаның қолы
О қ ы ғ а н : _____ Б а г а р о в а _____ Ж . А . _____